

М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті
“Ауылшаруашылық ғылымдары” жоғары мектебі
“Заңтану және халықаралық қатынастар” кафедрасы

ПРЕЗЕНТАЦИЯ

Тақырыбы: Әлеуметтік желілер

Тобы: АП-14-4к2

Орындаған: Қошан Ж.Ж

Қабылдаған: Тасбалтаева Л.

ШЫМКЕНТ 2016 ЖЫЛ

Кіріспе

Әлеуметтік желілер бүгінде адам өмірінде елеулі орынға ие болды және сол өмірде ұзағынан қалуды ұйғарған секілді. Адамдар арасында бөгетті бұзған әлеуметтік желілер біздің қарым-қатынас құруымыз үшін шексіз мүмкіндік беруде. Дегенмен, әлеуметтік желілер феноменінің басқа жағы да бар. "Жақсы" мен "жаманды" айырғанымыз емес, бар болғаны фактілерді ұсынбақпыз.



Жалпы мәлімет



Әлеуметтік желілер - ермектері бірдей адамдардың [Интернетте](#) бірігетін қоғамдастық сайттары. Осы сайттарда адамдар жедел түрде мәліметтер алмасады және достар табады. Бірақ осы сайттар арқылы тек қатынасып қана қоймай, адамдар [музыка](#), видео іздеуі де мүмкін. 1970-ші жылдардың соңында адамдар бір-бірімен әңгімелесе алатын алғашқы электронды хабарландыру тақталары пайда бола бастады. Әрине, сол кезде бүгінгідей ыңғайлы болған жоқ, бірақ адамдарды ғаламторда біріктірудің бұл алғашқы қадамдары еді. Әлеуметтік желілер Интернетте 1995 ж. бастап кең таралған, осы жылы бірінші әлеуметтік желі - [Classmates.com](#) (Сыныптастар) сайт ашылды. 2003-2004 жж. [MySpace](#), [Facebook](#) жобалары шықты.

Тарихы

Интернеттегі әлеуметтік желінің бірінші аналогі 1995 жылы Рэнди Конрадс іске қосқан «Classmates» болып табылады. Сайттың аудармасы «Сыныптастар». Сайттың мақсаты, сыныптастарды және мектептегі достарды табуға мүмкіндік жасау. Бастапқыда сайт танымал емес еді, өйткені профильді жасау және достарды қосу функциялары болмады. Ал сайт қолданушылары тек білім беру мекемелерінің және сонда оқыған оқушылардың тізімін ғана көре алатын. «Classmates» әлеуметтік желілердің пайда болуына түрткі болды. Жоба нәтижелі болды, және де өз иелеріне табыс әкелді. Осыған қызығушылықпен қараған басқа адамдар өз әлеуметтік желілерін ойлап табуға кірісті. Бүгінгі күні сайт өз жұмысын жалғастыруда. Әлем бойынша сайттың қолданушылар саны 50 млн.

Бүгінгі күннің біздің түсінігіміздегі бірінші толыққанды әлеуметтік желіні Эндрю Вейнрейх 1997 жылы іске қосқан «SixDegrees»-деп айтуға болады. Әлеуметтік желінің мақсаты «алты қолалысу» теориясын дәлелдеу еді.

Келесі әлеуметтік желілер «AsianAvenue», «MiGente», «BlackPlanet» 1997 және 1999 жылдары аралығында пайда болды. Функционалдығы жағынан алдындағылардан қатты өзгешелік болмады.

1999 жылдың 18 наурызында америкалық студент-программист Брэд Фицпатрик «жанды журнал» - Livejournal-ды құрды. Ол ТМД елдерінде кең танымал болды. «Livejournal» бірінші болып топтарды құрып, хат алмасу мүмкіндігін енгізді. Осыны біз бүгін барлық әлеуметтік желілерден байқай аламыз.

2004 жылы Марк Цукерберг «TheFacebook» әлеуметтік желісінің негізін қалады. 2005 жылдан бұл желі «Facebook» деп атала бастады. 2008 жылы «Facebook» әлеуметтік желісі әлемдегі ең танымал әлеуметтік желіге айналды, және де бүгінгі күнге дейін көштің басында. Бүгінгі күні «Facebook» әлем бойынша «Google»-дан кейін ең көп танымалдылыққа ие екінші интернет сайт.

2006 жылы Джек Дорси - «Twitter» жобасын іске қосты. Ол тез дамып келе жатқан жаңа әлеуметтік желіге айналды. «Twitter»-дің ерекшелігі, тек 140 символдан ғана тұратын хабарлама жаза аласыз. 2010 жылдан бастап сайттан видео, фото көруге мүмкіндіктері пайда болды. Бүгінгі таңда «Twitter» әлем бойынша ең көп қаралатын сайттардың 10-на кіреді.

Қызықты мәліметтер

1. Әр 20 минут сайын facebook-те бір миллион сілтеме таралады.
2. Әр сағат сайын facebook-те 4,5 миллион адам қандай да бір іс-шараға шақыру алады.
3. Әр минут сайын facebook-те 100 мың адам дос болып қабылданады.
4. Барлық қолданушылардың 50 пайызы аптасына 1-5 сағат уақытын әлеуметтік желілерде сөйлесумен өткізеді.
5. Әр секунд сайын 8 адам қандай да бір әлеуметтік желіге тіркеледі.
6. Google-дегі іздеу саны күніне 1 миллиардтан асады.
7. Адам саны жағынан Facebook Қытай, Үндістан елдерінен кейінгі әлемдегі үшінші мемлекет.
8. Орта есеппен алғанда әрбір қолданушы өз аккаунтына күніне 2 рет кіреді.
9. Әлеуметтік желілердегі үлкен қарқынмен өсіп келе жатқан қолданушылар сегменті – 55-65 жастағы әйелдер.
10. Эштон Катчер мен Бритни Спирстің фолловерлер саны Ирландия, Норвегия немесе Панама елдерінің халқымен тең.




Қауіпті ә.ж және бизнес

Қауіпті әлеуметтік желілер:

1. Жыл сайын әлемде шамамен 100 адам әлеуметтік желіде қалдырған хаты үшін өмірден озады.
2. Әлеуметтік желілер интернетте уақыт өткізудің тәсілі саналатын порнографиялық сайттарды басып озды.
3. Әлеуметтік желі әлемдегі әрбір үшінші жұптың айрылысуының басты себепшісі.

Әлеуметтік желілер және бизнес:

1. Жаңалықтар адамдарға басқа каналдар арқылы әсіресе әлеуметтік желілер арқылы келетін болғандықтан әлемдік 25 газеттің 24-інде тираж саны азайған.
2. Танымал әлеуметтік желілердің көбісі қолданушының өшірген суреттерін сақтайтыны анықталды.
3. Facebook бар болғаны бір жыл ішінде 200 миллион қолданушы жинаған, ал телеөндіріске 60 миллион көрермен жинауға 13 жыл уақыт кетті.
4. Бүгінде 5 компанияның төртеуі жұмысшыларды іздеу кезінде әлеуметтік желілердің көмегіне жүгінеді



	Әлемде ең көп қаралатын сайттар	Қазақстанда ең көп қаралатын сайттар
1	Google.com	Mail.ru
2	Facebook.com	Google.com
3	Youtube.com	Youtube.com
4	Yahoo.com	Vk.com
5	Baidu.com	Google.kz
6	Wikipedia.org	Yandex.kz
7	Live.com	Google.ru
8	Qq.com	Odnoklassniki.ru
9	Amazon.com	Yandex.ru
10	Twitter.com	Facebook.com



SmartShow

Қорытынды

Әлеуметтік желілердің пайдасы да, зияны да аз емес. Әлеуметтік желілерді дұрыс, өз уақытымен қолдана білейік. Әлеуметтік желілерге қатты байланып қалудан сақтанған жөн